

**Үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына қойылатын энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі талаптарды бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 13 қыркүйектегі № 1192 Қаулысы**

«Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13 қаңтардағы Заңының [4-бабының 14\) тармақшасына](#) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына қойылатын энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі [талаптар](#) бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми [жарияланған](#) күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 13 қыркүйектегі
№ 1192 [қаулысымен](#)
бекітілген

Үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына қойылатын энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі талаптар

1. Жалпы ережелер

1. Осы үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына қойылатын энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі талаптар (бұдан әрі - талаптар) «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13 қаңтардағы Заңының [4-бабының 14\) тармақшасына](#) сәйкес әзірленген.

2. Осы талаптарда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) үйдің, құрылыстың, ғимараттың үлестік жылу қорғау сипаттамасы - үйдің, құрылыстың, ғимараттың жылу қорғау қабықшасын сипаттайтын, саны жағынан температура 10С ауытқыған кезде үйдің, құрылыстың, ғимараттың жылу қорғау қабықшасы арқылы жылытылатын көлем бірлігінің уақыт бірлігіне жұмсайтын жылу энергиясы шығасыларына тең физикалық шама;

2) жалпы энергетикалық сипаттама - жылыту маусымында жалпы жылыту шығындарын есепке ала отырып, ғимаратты жылытуға және желдетуге жұмсалған жылу энергиясының үлестік шығысы;

3) жылыту кезеңінде үйді, құрылысты, ғимаратты жылытуға және желдетуге жұмсалатын жылу энергиясының үлестік шығыны - ауданның бірлігіне немесе жылытылатын көлемнің бірлігіне және жылыту кезеңінің градустық тәулігіне жататын

үйдегі жылу және ауа режимінің нормаланған параметрлері кезіндегі ауа алмасуды және қосымша жылу бөлуді есепке ала отырып, жылыту кезеңіндегі жылу энергиясының саны;

4) үйдің, құрылыстың, ғимараттың энергия тиімділігі сыныбы - үйдің, құрылыстың, ғимараттың энергия тұтыну үнемділігінің пайдалану сатысындағы энергия тиімділігін сипаттаушы деңгейі;

5) үйдің, құрылыстың, ғимараттың энергетикалық паспорты - қолданыстағы үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың, сондай-ақ, үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың және олардың қоршау конструкцияларының жобаларының энергетикалық, жылу техникалық және геометриялық сипаттамаларынан тұратын құжат;

6) энергетикалық тиімділік (энергия тиімділігі) - энергетикалық ресурстарды пайдаланудан болған пайдалы әсердің осы әсерді алу мақсатында өндірілген энергетикалық ресурстардың шығындарына қатынасын көрсететін сипаттамалар;

7) энергия үнемдеу - пайдаланылатын энергетикалық ресурстардың көлемін азайтуға бағытталған ұйымдастырушылық, техникалық, технологиялық, экономикалық және өзге де шараларды іске асыру.

3. Осы талаптар үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу кезінде:

1) күнтізбелік бір жыл ішінде бес жүз және одан көп тоннаға барабар шартты отын мөлшерінде энергетикалық ресурстарды тұтыну мөлшерімен жаңа үйлерді, құрылыстарды, ғимараттарды салуға немесе қолданыстағыларын кеңейтуге (күрделі жөндеуге, қайта жаңартуға);

2) қолданыстағы мемлекеттік немесе мемлекетаралық нормативтердің болуымен қамтамасыз етілмеген, жоқ нормативтерді алмастыратын арнайы техникалық шарттар (ерекше нормалар) бойынша әзірленген объектілерді салуға қолданылады.

4. Осы талаптардың [2-тармағында](#) көрсетілмеген жаңа үйлерді, құрылыстарды, ғимараттардың жаңаларын салудың немесе қолданыстағыларын кеңейтудің (күрделі жөндеудің, қайта жаңартудың) жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын дайындау кезінде осы талаптар жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамаға тапсырыс берушінің бастамасымен қолданылады.

2. Жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасына қойылатын энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі талаптар

5. Үйдің, құрылыстың, ғимараттың жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу кезінде талап етілетін энергия тиімділігі сыныбы және энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша талаптар жобалау тапсырмасында көрсетіледі.

6. Міндетті энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру сараптамасынан өтуі тиіс үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша бөлім болуға тиіс.

7. Жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманың энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша бөлімінде мыналар көрсетіледі:

1) жобаланған үйдің, құрылыстың, ғимараттың жалпы энергетикалық сипаттамасы;

2) үйдің, құрылыстың, ғимараттың энергетикалық паспорты;

3) үйдің, құрылыстың, ғимараттың энергия тиімділігі сыныбы;

4) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыруға бағытталған жобалық шешімдер туралы мәліметтер, оның ішінде:

Қазақстан Республикасының тиісті нормативтік-техникалық құжаттарымен көзделген көрсеткіштерден айырмашылығы бар құрылыс материалдарының қабылданған есептік жылу физикалық көрсеткіштерін растайтын жылу техникалық сынақтар хаттамаларын және жарық селдірлі конструкциялар үшін сәйкестік сертификатын қоса бере отырып, қоршау конструкцияларының техникалық шешімдерінің жылу беруге (жарық селдірлілерін қоспағанда) келтірілген кедергісін есептегендегі сипаттамасы;

есепке алынған ішкі ауа температурасын көрсете отырып, төменгі қабат астындағы және жоғарғы қабат үстіндегі кеңістіктің қабылданған түрлері, тұру үшін пайдаланылатын мансардтық қабаттардың, кіру есіктері тамбурларының және вестибюльдерді жылытудың, лоджиялардың әйнектендірілуінің болуы;

жылытудың, желдетудің және ауа баптаудың қабылданған жүйелері, энергияны тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін есептеу және реттеу құралдарының болуы туралы мәліметтер;

ғимараттың энергия тиімділігін арттырудың арнайы тәсілдері, оның ішінде күн энергиясын пассивті пайдалану жөніндегі құрылғылар, сорып шығарылатын ауа жылуын кәдеге жарату жүйелері, салқын жертөлелерде өтетін жылыту және ыстық сумен қамтамасыз ету құбырларының жылу оқшаулануы, жылу сорғыштарды пайдалану;

5) энергия тұтыну бөлігінде жобалық шешімдерді құрылыс нормаларының және олардың техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің талаптарымен сәйкестігі тұрғысынан салыстыру.

8. Үйлердің, құрылыстардың, ғимараттың энергетикалық паспорты жылу энергия тиімділігінің үлестік көрсеткішінің, ғимараттар қоршауларының үлестік сипаттамалары және жылу қорғау сипаттамаларының Қазақстан Республикасының құрылыс нормаларымен белгіленген көрсеткіштерге сәйкестігін растауға арналған және осы талаптарға [қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша толтырылады.

Үйлердің, құрылыстардың,
ғимараттардың жобалау алдындағы
және (немесе) жобалау (жобалау-
сметалық) құжаттамасына қойылатын
энергия үнемдеу және энергия
тиімділігін арттыру жөніндегі
[талаптарға](#)
қосымша

Ғимараттың энергетикалық паспортын толтыру нысаны

1. Жалпы ақпарат

Толтыру күні (күні ай, жыл)	
Ғимараттың мекенжайы	
Жобаны әзірлеуші	
Әзірлеушінің мекенжайы және телефоны	
Жобаның шифры	
Ғимараттың мақсаты, сериясы	
Қабаты, секциялардың саны	
Пәтерлер саны	
Тұрғындардың немесе қызметкерлердің есептік саны	
Құрылыстағы орналасуы	
Сындарлы шешімі	

2. Есептік шарттар

Р/с №	Есептік параметрлердің атауы	Параметрдің белгіленуі	Өлшем бірлігі	Есептік мәні
1	2	3	4	5
1	Жылу қорғауды жобалау үшін сыртқы ауаның есепті температурасы	t_c	$^{\circ}\text{C}$	
2	Жылыту кезеңі кезіндегі сыртқы ауаның орташа температурасы	$t_{жы}$	$^{\circ}\text{C}$	
3	Жылыту кезеңінің ұзақтығы	$Z_{жы}$	тәу/жыл	
4	Жылыту кезеңінің градустық тәулігі	ЖКГТ	$^{\circ}\text{C}\cdot\text{тәу/жыл}$	
5	Жылу қорғауды жобалау үшін ішкі ауаның есептік температурасы	t_i	$^{\circ}\text{C}$	
6	Шатырдың есептік температурасы	$t_{шат}$	$^{\circ}\text{C}$	
7	Техникалық жертеленің есептік температурасы	$t_{жерт}$	$^{\circ}\text{C}$	

3. Геометриялық көрсеткіштер

Р/с №	Көрсеткіш	Белгі және өлшем бірлігі	Нормативтік мәні	Есептік жобалық мән	Нақты мән
1	2	3	4	5	6
1	Ғимарат қабаттары алаңдарының жиыны	$A_{жы}, \text{M}^2$			
2	Тұрғын жайлар алаңы	A_m, M^2			
3	Есептік алаң (қоғамдық ғимараттардың)	A_e, M^2			
4	Жылытылатын көлем	$V_{жы}, \text{M}^3$			
5	Ғимарат қасбетінің шыныландырылу коэффициенті	f			
6	Ғимарат ықшамдылығының көрсеткіші	$K_{ықш}$			
7	Ғимараттың сыртқы қоршау конструкцияларының жалпы алаңы,				
	оның ішінде:	$A_{н\text{жи}}, \text{M}^2$			
	1) қасбет	$A_{кас}$			
	2) қабырғалар (конструкциялар типі бойынша бөлек)	$A_{қа}$			

3) терезелер және балкондық есіктер	$A_{тер.1}$			
4) зерәйнектер	$A_{тер.2}$			
5) шамдар	$A_{тер.}^3$			
6) баспалдақ - лифт тораптарының терезелері	$A_{тер.4}$			
7) сыртқы өткелдердің балкондық есіктері	$A_{ес}$			
8) кіретін есіктер және қақпалар (бөлек)	$A_{ес}$			
9) жабындылар (бірлестірілген)	$A_{жаб}$			
10) шатырлық аражабындар	$A_{шат}$			
11) «жылы» шатырлар аражабындары (баламалы)	$A_{шат.ж}$			
12) техникалық немесе жылытылмайтын жертөлелер үстіндегі аражабындар (баламалы)	$A_{цок1}$			
13) жүріп өтулер үстіндегі немесе эркерлер астындағы аражабындар	$A_{цок2}$			
14) жердегі қабырғалар және топырақ бойынша еден (бөлек)	$A_{цок3}$			

4. Жылу техникалық көрсеткіштер

Р/с №	Көрсеткіш	Көрсеткіш белгісі және өлшем бірлігі	Нормаланатын мән	Есептік жобалық мән	Нақты мән
1	2	3	4	5	6
1	Сыртқы қоршаулардың жылу беруге келтірілген кедергісі, оның ішінде:	$R_{o}^{ке}, м^{2.0}C/Вт$			
	1) қабырғалар (конструкциялар типі бойынша бөлек)	$R_{o,ка}^{ке}$			
	2) терезелер және балкондық есіктер	$R_{o,тер1}^{ке}$			
	3) зерәйнектер	$R_{o,тер2}^{ке}$			
	4) шамдар	$R_{o,тер3}^{ке}$			
	5) баспалдақ лифт тораптарының терезелері	$R_{o,тер4}^{ке}$			
	6) сыртқы өткелдердің балкондық есіктері	$R_{o,ес}^{ке}$			
	7) кіретін есіктер мен қақпалар (бөлек)	$R_{o,ес}^{ке}$			
	8) жабындылар (бірлестірілген)	$R_{o,жаб}^{ке}$			
	9) шатырдағы аражабындар	$R_{o,шам}^{ке}$			
	10) «жылы» шатырлардың аражабындары (баламалы)	$R_{o,шам.ж}^{ке}$			
	11) техникалық немесе жылытылмайтын жертөлелер үстіндегі аражабындар (баламалы)	$R_{o,цок.1}^{ке}$			
	12) жүріп өтулер үстіндегі немесе эркерлер астындағы аражабындар	$R_{o,цок.2}^{ке}$			
	13) жердегі қабырғалар және топырақ бойынша еден (бөлек)	$R_{o,цок.3}^{ке}$			

5. Қосалқы көрсеткіштер

Р/с	Көрсеткіш	Көрсеткіш белгісі	Нормаланатын	Есептік
-----	-----------	-------------------	--------------	---------

№		және өлшем бірлігі	мән	жобалық мән
1	2	3	4	5
1	Ғимараттың жылу беруінің жалпы коэффициенті	$K_{жал}, Вт/(м^2 \cdot ^\circ C)$		
2	Ауа алмасудың үлесті мөлшері кезінде ғимараттың жылыту кезеңіндегі ауа алмасуының орташа еселігі	$N_a, ч^{-1}$		
3	Ғимараттағы үлестік тұрмыстық жылу бөлу	$Q_{тұр}, Вт/м^2$		
4	Жобаланатын ғимарат үшін жылу энергиясының тарифті бағасы	$C_{жылу}, теңге/кВт сағ$		
5	Жылу жабдықтарының және құрылыс ауданындағы жылу желісіне қосудың үлесті бағасы	$C_{жы}, теңге/(кВт сағ/жыл)$		
6	Энергетикалық бірлікті үнемдеудің үлесті пайдасы	$\Omega_{па}, теңге/(кВт сағ/жыл)$		

6. Үлестік сипаттамалар

Р/с №	Көрсеткіш	Көрсеткіш пен өлшем бірлігінің белгіленуі	Көрсеткіштің нормаланатын мәні	Көрсеткіштің есептік жобалық мәні
1	2	3	4	5
1	Ғимараттың үлестік жылу қорғау сипаттамасы	$k_{жа}, Вт/(м^3 \cdot ^\circ C)$		
2	Ғимараттың үлестік желдету сипаттамасы	$K_{желд}, Вт/(м^3 \cdot ^\circ C)$		
3	Ғимараттың тұрмыстық жылу шығарудың үлестік сипаттамасы	$K_{тұр}, Вт/(м^3 \cdot ^\circ C)$		
4	Ғимаратқа күн радиациясынан жылу түсуінің үлестік сипаттамасы	$k_{рад}, Вт/(м^3 \cdot ^\circ C)$		

7. Коэффициенттер

Р/с №	Көрсеткіш	Көрсеткіш пен өлшем бірлігінің белгіленуі	Көрсеткіштің нормативтік мәні
1	2	3	4
1	Жылытуды автореттеу тиімділігі коэффициенті	ζ	
2	Жылытуға жылу энергиясының пәтер бойынша есепке алуы болған жағдайда тұрғын ғимараттардың жылу тұтынуы төмендеуін есепке алу коэффициенті	ξ	

3	Рекуператор тиімділігі коэффициенті	$K_{\text{тиім}}$	
4	Жылу келудің жылу шығындарынан асып түсу кезеңінде жылу келуді пайдаланудың төмендеуін есепке алу коэффициенті	ν	
5	Жылыту жүйесінің қосымша жылу шығындарын есепке алу коэффициенті	βh	

8. Энергия тиімділігінің кешенді көрсеткіштері

Р/с №	Көрсеткіш	Көрсеткіш пен өлшем бірлігінің белгіленуі	Көрсеткіштің нормативтік мәні
1	2	3	4
1	Жылыту кезеңінде ғимаратты жылытуға және желдетуге жылу энергиясы шығынының есептік үлестік сипаттамасы	$q_{\text{жы}}^e, \text{Вт}/(\text{м}^3 \cdot ^\circ\text{C})$ [Вт/(м ² ·°C)]	
2	Жылыту кезеңінде ғимаратты жылытуға және желдетуге жылу энергиясы шығынының нормаланатын үлестік сипаттамасы	$q_{\text{жы}}^{te}, \text{Вт}/(\text{м}^3 \cdot ^\circ\text{C})$ [Вт/(м ² ·°C)]	
3	Энергетикалық тиімділігі сыныбы		
4	Ғимарат жобасы жылу қорғау бойынша нормативтік талапқа сәйкес келе ме		ИӘ

9. Ғимараттың энергетикалық жүктемелері

Р/с №	Көрсеткіш	Белгілеулер	Өлшем бірлігі	Мөлшер
1	2	3	4	5
1	Жылыту кезеңінде ғимаратты жылытуға және желдетуге жылу энергиясының үлестік шығыны	Q	кВт сағ/(м ³ жыл) кВт сағ/(м ² жыл)	
2	Жылыту кезеңінде ғимаратты жылытуға және желдетуге жылу энергиясының шығыны	$Q_{\text{жы}}^{\text{жыл}}$	кВт сағ/(жыл)	
3	Жылыту кезеңінде ғимараттың жалпы жылу шығындары	$Q_{\text{жалп}}^{\text{жыл}}$	кВт сағ/(жыл)	